5573 әскери бөлімі
Кірген №
"20" августа 2026 ж
бет
қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 24 мамыр №7119-26-00-2/6506 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К. Кусманова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Александра Михайловна Иванова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер Александра Михайловна Иванова жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер Александра Михайловна Иванова жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Александра Михайловна Иванова жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 2 790 (екі мың жеті жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 2 246 (екі мың екі жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 24.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2026, судья Кусманова А. К., 31.07.2026

7119-26-3-1/6421